

2014 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу және мақсатты топтарды анықтау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы N 515 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 желтоқсанда N 2460 болып тіркелді

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында тұратын мақсатты топтар анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
- 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады;
- 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар жатады.

2. 2014 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының аумағында тұратын мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
 - 2) отбасылардың бірде-біреуі жұмыс істемейтін тұлғалары;
 - 3) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;
 - 4) он екі ай және одан да артығырақ жұмыс істемеген тұлғалар;
 - 5) техникалық және кәсіби білім беру оқу орындарының түлектері оқу орнын аяқтағаннан соң он екі айдың ішінде жұмыспен қамтамасыз етілмеген;
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орынбасары М.Т. Науановаға жүктелсін.
4. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Айыртау ауданының әкімі *А. Тастемиров*